«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

БЕКІТІЛДІ
«Марат Оспанов атындағы
Батыс Қазақстан медицина
университеті» КеАҚ
Басқарма шешімімен
«03» 02 2026 ж.
№ 02 хаттама

«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БҚМУ» КЕАҚ ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІН ЫНТАЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

Коды	Басылым	Құрастырған	Келісілді	Қолы	Күні
Е БҚМУ 51-02	Екінші	Мамбетжанова Ә.М. 26.01. 2026 г.	Абенова Н.А.		02.02.2026.
			Жиеналин Е.Ш.		30.01.2026.
			Мусин Н.М.		29.01.2026.
			Кужаниязова Г.Б.		28.01.2026.
			Кожахметов Б.К.		27.01.2026.

Ақтөбе, 2026

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ (әрі қарай- Университет) профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлерінің ғылыми қызметтегі жетістіктері үшін, соның ішінде монографиялар, ғылыми басылымдардағы мақалалар, патенттер алу және ғылыми өнімдерді әзірлеу бойынша ынталандыру тәртібін белгілейді.

1.2. Ереже белсенді ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға, ғылыми жарияланымдардың сапасы мен санын арттыруға, инновациялық әлеуетті қалыптастыруға және университеттің ғылыми имиджін нығайтуға бағытталған.

1.3. Ғылыми жетістіктерді мойындаудың негіздері ретінде төмендегілер қарастырылады:

- халықаралық деректер базаларында (Scopus, Web of Science және т.б.) индекстелетін рецензияланатын ғылыми журналдардағы жарияланымдар;
- мемлекеттік немесе халықаралық патенттік ведомстволарда ресми тіркелген зияткерлік меншік объектілеріне берілген патенттер мен куәліктер;
- практикалық маңызы бар және тиісті құжаттармен расталған түпнұсқа әдістемелерді, технологияларды және шешімдерді қамтитын ғылыми әзірлемелері.

1.4. Қызметкердің (немесе ұжымның) ғылыми нәтижелерге қосқан үлесі ғылыми маңыздылығына, бірегейлігіне және белгіленген критерийлерге сәйкестігіне қарай бағаланады.

1.5. Осы Ереже ғылыми қызметке кемінде 0,5 бірлік көлемінде қатысатын университеттің барлық штаттық қызметкерлеріне қолданылады.

2. НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР:

Осы Ереженің мақсаты — ғылыми нәтижелердің сапасы мен санын арттыруға жағдай жасау, сондай-ақ қызметкерлерді белсенді ғылыми-зерттеу жұмысына ынталандыру және уәждеу мақсатында олардың жетістіктерін мойындау болып табылады.

Міндеттері:

- профессорлық-оқытушылық құрам мен ғылыми қызметкерлер арасында ғылыми белсенділікті ынталандыру;
- ғылыми зерттеулердің нәтижелерін, соның ішінде патенттер мен өзге де зияткерлік меншік объектілерін (өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер) алу мен енгізуді қолдау;
- Университеттің ғылыми-инновациялық әлеуетін дамыту;
- түпнұсқа ғылыми нәтижелерді қамтитын, рецензиядан өткен және халықаралық стандартты кітап нөмірі (ISBN) бар жеке және ұжымдық монографияларды дайындау мен басып шығаруды қолдау;
- ғылыми жарияланымдардың дәйексөз келтіру деңгейін және университеттің ғылыми өнімділік индексін (оның ішінде Scopus, Web of Science және басқа да деректер базаларында) арттыру;
- тұрақты кәсіби өсу мен ғылыми өзін-өзі іске асыруға ынталандыратын қолайлы академиялық ортаны қалыптастыру.

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Ережеде келесі терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

Ғылыми нәтижелер — рецензияланатын журналдарда жарияланған мақалалар, ғылыми монографиялар, ұжымдық монографиялардағы тараулар, сондай-ақ патенттер мен өзге де зияткерлік меншік объектілері.

Квартиль — ғылыми журналдардың дәйексөз келтіру деңгейі мен ғылыми қоғамдастықтағы сұранысына негізделген библиометриялық көрсеткіштер бойынша анықталатын санат. Рейтингтеу нәтижесінде журналдар төрт квартильге бөлінеді: Q1 (ең жоғары деңгей)–ден Q4 (ең төменгі деңгей)–ге дейін. Ең беделді журналдарға Q1 және Q2 квартильдеріне жататын басылымдар жатады.

Процентиль (CiteScore бойынша) — журналдың өз саласындағы рейтингтегі орнын көрсететін көрсеткіш. Процентиль әртүрлі ғылым салаларындағы журналдарды салыстыруды және дәйексөз келтіру ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етеді.

Ғылыми жарияланым — ғылыми басылымда академиялық стандарттарға сай рәсімделген және құрылымдалған, зерттеу нәтижелерін қамтитын мәтін.

Жарияланым — баспа немесе электрондық форматта шығарылған, бірегей DOI нөмірі бар, редакторлық тексеруден өткен және (болған жағдайда) таралымы белгіленген шығарма.

ПОҚ және қызметкерлер — университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлері, яғни негізгі жұмыс орнында кемінде 0,5 ставка көлемінде еңбек міндеттерін орындайтын штаттық қызметкерлер.

Scopus (Скопус) — рецензияланатын ғылыми жарияланымдар туралы аннотациялар мен дәйексөз келтіру деректерін қамтитын ең ірі халықаралық мәліметтер базаларының бірі.

Web of Science (WoS) — ылыми белсенділік пен дәйексөз келтіруді бағалау үшін пайдаланылатын жетекші халықаралық басылымдарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін ақпараттық-талдамалық платформа.

Жыртқыш журнал — авторлардан пайда табу мақсатында адал емес және этикаға қайшы тәжірибелерді қолданатын ғылыми басылым. Мұндай журналдар, әдетте, тәуелсіз рецензия жүргізбейді, шығындарының негізсіз жоғары жарияланым ақысына ие болады және индекстеу, импакт-фактор мен басқа библиометриялық көрсеткіштер туралы жалған ақпарат береді. Осындай журналдардағы жарияланымдар академиялық стандарттарға сәйкес келмейді және ғылыми нәтижелердің беделін төмендетеді.

Патент — өнертабысты, пайдалы модельді немесе өнеркәсіптік үлгіні белгіленген мерзім ішінде пайдалану бойынша автордың (немесе құқық иесінің) айрықша құқығын растайтын құжат. Патент уәкілетті мемлекеттік органмен зияткерлік меншік объектісінің жаңалығы, өнертапқыштық деңгейі және өнеркәсіптік қолданбалығы негізінде сараптама жүргізіп, тіркеу нәтижесінде беріледі. Патент иесі объектіні үшінші тұлғалардың рұқсатсыз пайдалануына тыйым салуға құқық алады.

Патенттік қорғауға жататын негізгі үш объект түрі бар:

- өнертабыс — кез келген саладағы жаңа техникалық шешім (құрылғы, зат, әдіс, қолдану). Қорғау мерзімі — өтінім берген күннен бастап 20 жыл (фармацевтикалық және агрохимиялық өнертабыстар үшін 25 жылға дейін ұзартылуы мүмкін);
- пайдалы модель — өнертапқыштық деңгейі жеңілдетілген техникалық шешім (мысалы, құралдың конструкциялық жетілдіруі). Қорғау мерзімі — 5 жыл (3 жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен);
- өнеркәсіптік үлгі — бұйымның сыртқы түрін айқындайтын көркем-конструкторлық шешім (мебель, орама, техника дизайны). Қорғау мерзімі — 10 жыл (5 жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен).

Монография — белгілі бір тақырыпқа немесе мәселеге арналған жан-жақты және терең ғылыми зерттеу нәтижелерін қамтитын, жеке автор немесе авторлар ұжымы дайындаған ғылыми басылым. Монография түпнұсқа зерттеу нәтижелерін, авторлық ұстанымды және теориялық немесе эмпирикалық талдаумен дәлелденген тұжырымдарды қамтиды. Басылым академиялық стандарттарға сәйкес рәсімделеді, баспа немесе электронды түрде жарық көреді, ISBN нөмірі болады және редакциялық-баспа өңдеуінен өтеді.

4. ЖАРИЯЛАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ ЫНТАЛАНДЫРУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ

4.1. Монографияларға қойылатын талаптар:

➢ монографиялар есепке алыну үшін ISBN нөмірі бар және редакциялық-баспа өңдеуінен өткен басылымдар ғана қабылданады.

4.2. **Жарияланымдарға қойылатын талаптар:**

➢ журналдар беделді (яғни, «жыртқыш» емес) болуы тиіс.

➢ Scopus және/немесе Web of Science деректер базаларында нөлден жоғары библиометриялық көрсеткіштерімен (SJR > 0.1, импакт-фактор) индекстелуі қажет.

➢ авторлық аффилиация ағылшын тілінде келесідей көрсетілуі тиіс: *«West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University»*.

4.3. **Патентке қабілеттілікке қойылатын талаптар:**

Патенттер бойынша есепке алынатын құжаттар Қазақстан Республикасының уәкілетті органында немесе халықаралық патенттік ұйымдарда тіркелген болуы тиіс.

Объектіге құқықтық қорғау беру үшін келесі критерийлерге сәйкестік қажет:

Өнертабыстар үшін:

➢ жаңалығы – шешім жаңа болуы және бұрын әлемде жарияланбаған болуы тиіс;

➢ өнертапқыштық деңгейі – шешім сала маманы үшін айқын болмауы тиіс;

➢ өнеркәсіптік қолданбалылығы – шешімді іс жүзінде қолдану мүмкіндігі болуы қажет.

Пайдалы модельдер үшін:

➢ жаңалығы

➢ өнеркәсіптік қолданбалылығы.

Өнеркәсіптік үлгілер үшін:

➢ жаңалығы – бұйымның сыртқы түрі бұрын белгілі болмаған болуы тиіс.

➢ бірегейлігі – жеке айырым белгілерінің болуы қажет.

➢ патент Қазақстан Республикасының аумағында ғана қолданылады. Халықаралық қорғау үшін халықаралық өтінім (PCT) немесе жеке елдерде тіркеу қажет.

Патенттің қолданылу мерзімі жыл сайынғы баж салығын төлеу арқылы ұзартылып отырады; төлем жүргізілмеген жағдайда қорғау күші жойылады.

4.4. **Біржолғы ақшалай сыйақы төмендегі жағдайларда төленеді:**

➢ Университеттің білім алушы докторантына Web of Science деректер қорының Science Citation Index Expanded базасында индекстелген және осы база бойынша Q3 квартиліне ие рецензияланатын ғылыми басылымдағы мақала үшін – күнтізбелік жылына екі реттен аспайтын мөлшерде 250 000 (екі жүз елу мың) теңге көлемінде біржолғы ақшалай ынталандыру төленеді. Ғылыми жарияланымның авторлық құрамында Университеттің бірнеше білім алушы докторанты болған жағдайда, біржолғы ақшалай ынталандыру сомасы олардың өзара келісімі бойынша бөлінеді;

➢ авторлық ұжымға, постдокторанттың ғылыми кеңесшісіне (Университет қызметкерлері) Web of Science деректер қорының Science Citation Index Expanded базасында индекстелген және осы база бойынша Q2 квартиліне ие рецензияланатын ғылыми басылымдағы мақала үшін – бүкіл авторлық ұжымға 400 000 (төрт жүз мың) теңге мөлшерінде. Біржолғы ақшалай көтермелеу ғылыми жарияланымның авторлары мен қосалқы авторлары арасында авторлық ұжымның өзі тарапынан бөлінеді;

➢ авторлық ұжымға, постдокторанттың ғылыми кеңесшісіне (Университет қызметкерлері) Web of Science деректер қорының Science Citation Index Expanded базасында индекстелген және осы база бойынша Q1 квартиліне ие рецензияланатын ғылыми басылымдағы мақала үшін – бүкіл авторлық ұжымға 500 000 (бес жүз мың) теңге мөлшерінде. Біржолғы ақшалай көтермелеу ғылыми жарияланымның авторлары мен қосалқы авторлары арасында авторлық ұжымның өзі тарапынан бөлінеді;

➢ Университеттің білім алушы докторантына Scopus деректер базасындағы CiteScore бойынша процентилі 25-дан 49-ға дейін болатын рецензияланатын ғылыми басылымдағы мақала үшін – күнтізбелік жылына екі реттен аспайтын мөлшерде 200 000 (екі жүз мың) теңге көлемінде біржолғы ақшалай ынталандыру төленеді. Ғылыми жарияланымның авторлық құрамында

Университеттің бірнеше білім алушы докторанты болған жағдайда, біржолғы ақшалай ынталандыру сомасы олардың өзара келісімі бойынша бөлінеді;

- авторлық ұжымға, постдокторанттың ғылыми кеңесшісіне (Университет қызметкерлері) Scopus деректер базасындағы CiteScore бойынша процентилі 50-ден 74-ке дейін болатын рецензияланатын ғылыми басылымдағы мақала үшін – бүкіл авторлық ұжымға 350 000 (үш жүз елу мың) теңге мөлшерінде. Біржолғы ақшалай көтермелеу ғылыми жарияланымның авторлары мен қосалқы авторлары арасында авторлық ұжымның өзі тарапынан бөлінеді;
- авторлық ұжымға, постдокторанттың ғылыми кеңесшісіне (Университет қызметкерлері) Scopus деректер базасындағы CiteScore бойынша процентилі 75-тен 100-ге дейін болатын рецензияланатын ғылыми басылымдағы мақала үшін – бүкіл авторлық ұжымға 450 000 (төрт жүз елу мың) теңге мөлшерінде. Біржолғы ақшалай көтермелеу ғылыми жарияланымның авторлары мен қосалқы авторлары арасында авторлық ұжымның өзі тарапынан бөлінеді;
- Web of Science, Scopus, Springer деректер базаларында индекстелген ғылыми монографиялар үшін — 500 000 (бес жүз мың) теңге мөлшерінде. Біржолғы ақшалай көтермелеу авторлық ұжым арасында бөлінеді;
- Web of Science, Scopus, Springer деректер базаларында индекстелген ұжымдық монографиялардағы тараулар үшін — 150 000 (жүз жиырма бес мың) теңге мөлшерінде. Біржолғы ақшалай көтермелеу авторлық ұжым арасында бөлінеді;
- Халықаралық патент үшін, патенттік ұйыммен берілген — 300 000 (үш жүз мың) теңге мөлшерінде. Біржолғы ақшалай көтермелеу авторлық ұжым арасында бөлінеді;
- Қазақстан Республикасының Уәкілетті органы берген өнертабысқа арналған патенттер үшін — 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде. Біржолғы ақшалай көтермелеу авторлық ұжым арасында бөлінеді;
- Қазақстан Республикасының Уәкілетті органы берген пайдалы модельге арналған патенттер үшін — 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде. Біржолғы ақшалай көтермелеу авторлық ұжым арасында бөлінеді;
- Алғашқы ғылыми әзірлемелер (дәрілік препараттар, биологиялық белсенді заттар, Қазақстан Республикасының Уәкілетті органы бекіткен медициналық мақсаттағы әдістер) үшін — 500 000 (бес жүз мың) теңге мөлшерінде. Біржолғы ақшалай көтермелеу авторлық ұжым арасында бөлінеді;
- Екінші ғылыми әзірлемелер (Қазақстан Республикасының Уәкілетті органы бекіткен клиникалық басшылықтар, монографиялар) үшін — 150 000 (жүз елу мың) теңге мөлшерінде. Біржолғы ақшалай көтермелеу авторлық ұжым арасында бөлінеді;
- Үшінші ғылыми әзірлемелер (Қазақстан Республикасының Уәкілетті органы бекіткен әдістемелік ұсынымдар, диагностика және емдеу хаттамалары, нұсқаулықтар, атластар, статистикалық жинақтар, аналитикалық шолулар, оқулықтар, оқу құралдары) үшін — 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде. Біржолғы ақшалай көтермелеу авторлық ұжым арасында бөлінеді;
- West Kazakhstan Medical Journal, West Kazakhstan Public Health Journal, West Kazakhstan Biomedicine Journal, West Kazakhstan Regenerative Medicine Journal журналдарында жарияланған мақалаларға Web of Science және Scopus дерекқорларына кіретін журналдарда жарияланған мақалаларда жасалған әрбір дәйексөз (цитаталау) үшін 10 000 (он мың) теңге мөлшерінде ақшалай сыйақы төленеді.

5. ПУБЛИКАЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕ ШАРТТАРЫ

5.1. Университеттің меншікті қаражаттары есебінен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған гранттық қаржыландыру конкурсы аясында орындалған және жарияланған жарияланымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің гранттық және/немесе мақсатты бағдарламалық қаржыландыру конкурстары аясында орындалған және жарияланған еңбектер осы Ереженің шеңберінде біржолғы ақшалай көтермелеуге жатпайды.

5.2. Аталған жарияланымдар профессорлық-оқытушылық құрам мен қызметкерлердің ғылыми белсенділігін бағалау және жеке есептік көрсеткіштерін қалыптастыру кезінде ескеріледі, алайда осы Ережеде көзделген біржолғы сыйақылар немесе өзге де материалдық ынталандыру түрлерін төлеуге негіз болып табылмайды.

5.3. Бұл норма қосарланған қаржыландыруды болдырмау және гранттық әрі ішкі қаржыландыру қаражаттарын нысаналы пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында енгізілед.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Осы Ереженің орындалуына бақылау Университеттің ғылыми қызмет бағытына жетекшілік ететін проректорға жүктеледі.

6.2. Осы Ереже бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және жаңа редакциясы енгізілгенге немесе ұқсас мәселелерді реттейтін өзге нормативтік құжат қабылданғанға дейін қолданыста болады.

6.3. Ғылым департаментінің басшысы осы құжаттың ережелері туралы профессорлық-оқытушылық құрам мен Университет қызметкерлерін хабардар етуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ ішкі және сыртқы нормативтік базадағы өзгерістерге сәйкес оны уақтылы өзектендіруге жауапты болып табылады.

А қосымшасы
(міндетті)

Н ПРО БҚМУ 401-02-2025

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

№	Ескі редакция	Жаңа редакция	Өзгерістерді және / немесе толықтыруларды енгізу үшін негіз	Өзгерістерді және / немесе толықтыруды жүзеге асыратын тұлға		Өзгерістерді және / немесе толықтыруларды тіркеу күні
				Т.А.Ә.	Қолы	

Ә қосымшасы
(міндетті түрде)

Н ПРО БҚМУ 401-03-2025

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№	Аты-жөні, лауазымы	Жеке қолы	Күні	Ескерту